

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Үздіксіз қуат беру көзі

DEXP

MIX ONLINE 1000VA

IEC Plus ONLINE 3000VA

Мазмұны

Құрылғының қолданылу мақсаты.....	4
Жиынтықтамасы	4
Құрылғы туралы жалпы ақпарат	4
Сақтық шаралары.....	5
Жиынтықтамасы	6
Құрылғы сұлбасы.....	7
Құрылғыны орнату	7
Сақтық шаралары	7
Сыртқы батареяларды орнату	8
Басқару тақтасының түймелері	10
СК дисплейдегі белгілер	11
Қосу және өшіру	12
Құрылғыны қосу	12
Құрылғыны өшіру	12
Баптаулар тақтасы	13
Күйді сұрау тақтасы	14
Жұмыс режимдері.....	15
Техникалық сипаттамалары	17
Батареяны пайдалану	18
Ықтимал проблемалар және олардың шешімі	19
Қызмет көрсету	19
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары.....	20
Қосымша ақпарат.....	20

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда белгісімен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғыс білдіреміз. Біз жоғары сапалы, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды қуана-қуана ұсынамыз. Пайдаланбас бұрын, қауіпсіздікке қатысты маңызды ақпараттан, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстардан тұратын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Бұл Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының қолданылу мақсаты

Үздіксіз қуат беру көзі (ҰҚК) – бұл жүйенің қуат кернеуі күрт төмендеп кеткенде немесе жоғалғанда жұмысты дұрыс аяқтау және деректерді сақтау мақсатында компьютер мен оның компоненттеріне электр энергиясын үздіксіз қысқа уақыттық жеткізуге арналған аккумуляторлық батареясы бар автоматты электрондық құрылғы.

Құрылғы туралы жалпы ақпарат

Осы ҰҚК шағын болғанымен, кернеу секірісінен жақсы қорғайды. ҰҚК электр энергиясы толық үзілген жағдайда өзі қосылған құрылғыларға энергияны тұрақты беруді жалғастырып, компьютерді әдеттегідей өшіруге мүмкіндік береді. Бірге орнатылған микропроцессорлық контроллердің жоғары сенімділік деңгейін қамтамасыз етуінің арқасында құрылғыны үйде де, кеңседе де қолдануға болады.

Сақтық шаралары

- Пайдаланар алдында пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.
- Пайдалануды бастар алдында құрылғыны кемінде 12 сағат зарядтаңыз.
- Батареясының заряды таусылған немесе құрылғы 3 айдан артық сақталған жағдайда, батареяның толық зарядталғанына көз жеткізу және зақымдалмауы үшін оны 12 сағат бойы зарядтау керек.
- Бұл құрылғы дербес компьютерлерге арналған. Құрылғыны индуктивті жүктемеге (мысалы, қозғалтқышқа, тоңазытқышқа) қосуға болмайды. Құрылғыны өмірлік маңызы бар жүйелерімен немесе басқа да арнайы құрылғылармен пайдаланбаған дұрыс.
- Құрылғыны орнатқанда дисплейден кемінде 50 см арақашықтықты сақтаңыз.
- Пайдалану кезінде шассидің әдеттегі температурасы шамамен 50 °С-қа жетуі мүмкін. Бұл – қалыпты құбылыс.
- YҚК-нің номиналды қуатынан асатын жүктемені қолданбаңыз.
- YҚК корпусын ашпаңыз, бұл құрылғының зақымдалуына немесе ток соғуға әкелуі мүмкін. YҚК ішін қарап тексеру немесе батареясын ауыстыру қажет болса, арнайы сервистік орталық көмегіне жүгініңіз.
- Ішкі қысқа тұйықталу электр тогының соғуына немесе тұтануға әкелуі мүмкін. YҚК-ні ток соқпауы және өзге де қауіптер болмауы үшін сұйықтығы бар ыдыстарға салуға болмайды.
- Құрылғы тиісті түрде жұмыс істемесе, оны дереу қуат көзінен ағытып, жеткізушіге хабарласыңыз.
- Құрылғыны ауасы желдетілмейтін жерлерде; жанғыш газдар, коррозиялық заттар бар және қатты шаң жерлерде; аса жоғары немесе аса төмен температура (шамамен 40 °С немесе 0 °С-тан төмен), жоғары ылғалдылық жағдайларында; күн сәулесі тікелей түсетін немесе оптикалық аспаптарға жақын жерлерде; қарқынды діріл бар жерлерде; ғимараттан тыс жерлерде сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
- Тұтанған жағдайда ұнтақты өрт сөндіргішті пайдаланыңыз. Басқа өрт сөндіргіштерді пайдалансаңыз, электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.
- Электр розеткасы қауіп төнген жағдайда құрылғыны дереу қуат көзінен ажырату мүмкін болатындай YҚК жанында орналасуы керек.
- YҚК орнын ауыстыру немесе қайта қосу керек болса, электр тогы соқпау үшін оны толық ажыратыңыз.
- Қоршаған орта температурасы артқанда, батареяның жұмыс істеу мерзімі қысқарады. Батареяны жүйелі түрде ауыстырып отыру YҚК-нің қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге және жеткілікті резервтік қуатпен қамту уақытына мүмкіндік береді.
- Батареяға қызмет көрсету жұмыстарын білікті мамандар жүргізуі керек.
- Электр тогы соқпау үшін батареяны ауыстырғанда келесі сақтық шараларын қолданыңыз:
 - Сағат, сақиналар немесе басқа металл заттар тағуға болмайды.
 - Электр оқшауланған құралдарды қолданыңыз.
 - Резеңке қолғап пен аяқ киімді қолданыңыз.
 - Металл құралдарды немесе бөлшектерді батареяның үстіне қоймаңыз.
 - Батареядан жалғағыш клеммаларды алмас бұрын, YҚК-ні өшіріп, оны қуат көзінен ажыратыңыз.
 - Электр тогы соқпау үшін оң және теріс клеммалардың тұйықталуына жол бермеңіз.

- Құрылғы желіге қосылып тұрғанда байланыс клеммаларын қолмен ұстамаңыз. Батарея тізбегін кіріс кернеу тізбегінен ажыратпаңыз, батарея клеммасы мен жерге қосу сымы арасында жоғары кернеу болады.

Назар аударыңыз!

Айнымалы ток қуатын қосу кезінде құрылғы сенімді түрде жерге қосылуы керек. Дұрыс пайдаланбасаңыз, зиян келтіруіңіз мүмкін.

Құрылғыны пайдалану нұсқауларының талаптарына сәйкес пайдаланыңыз.

ҮҚК 1000 м дейінгі биіктіктерде пайдалануға арналған. Құрылғы 1000 м шама-сынан жоғары биіктікте пайдаланылса, шығыс қуатын төмендегі кестеге сәйкес төмендету қажет болады.

Биіктіктегі күш түсетін жүктеме = номиналды қуат * қуатты төмендету коэффициенті (биіктікке сәйкес).

Биіктік (м)	1000	1500	2000	2500	3000	3500	4000	4500	5000
Қуатты төмендету коэффициенті	100%	95%	91%	86%	82%	78%	74%	70%	67%

Жиынтықтамасы


- ҮҚК.
- Коммуникациялық кабель.
- Қуат кабелі.
- CD дискі.
- IEC кабелі.
- Сыртқы батареяларды қосуға арналған кабель.
- Пайдалану нұсқаулығы.

Ескертпе: болашақта ыңғайлы болу үшін құрылғының қорабы мен орамасын сақтап қойыңыз. Кейбір құрылғылар әжептәуіп ауыр болады, оларды абайлап тасымалдау керек.

ҮҚК-нің тасымалдау кезінде зақымдалмағанын тексеріңіз. Бөлшектердің зақымдалғанын немесе жетіспейтінін анықтасаңыз, құрылғыны іске қоспай, тасымалдаушымен және сатушымен хабарласыңыз.


Құрылғының сұлбасы

MIX ONLINE 1000VA



1. RS232 интерфейсі.
2. USB ағытпа.
3. Желдеткіш.
4. Қуат кабелінің кірісі.
5. SNMP картаға арналған ұя.
6. Факсқа/модемге арналған RJ11 / RJ45 шамадан тыс жүктемеден қорғауы.
7. Шығыс ағытпалар.
8. Сыртқы батареяны қосуға арналған ағытпа.

IEC Plus ONLINE 3000VA




1. Қуат кабелінің кірісі.
2. Сақтандырғыш.
3. Желдеткіш.
4. USB ағытпа.
5. RS232 интерфейсі.
6. SNMP картаға арналған ұя.
7. Факсқа/модемге арналған RJ11 / RJ45 шамадан тыс жүктемеден қорғауы.
8. Шығыс ағытпалар.
9. Сыртқы батареяны қосуға арналған ағытпа.

Құрылғыны орнату

Сақтық шаралары

1. ҰҚК-ні жақсы желдетілетін жерде сақтаңыз, жылу шығарғыш тесіктер мен шассидің желдету тесіктері жабылмағына және басқа заттардан 150 мм қашықтықта орналастырылуына көз жеткізіңіз, судың, жанғыш газдардың және коррозиялық заттардың түсуіне жол бермеңіз.
2. Үздіксіз қуат беру көзін қажет ететін құрылғыларды (мысалы, хост-компьютер) өшіріңіз, қуат кабелін қуат розеткасынан ажыратып, оны ҰҚК шығыс қуатының ағытпасына қосыңыз. Үздіксіз қуат беру көзін қажет етпейтін құрылғыларды тікелей қуат розеткасына қосу керек.

3. ҮҚК ашасын қуат розеткасына қосыңыз (кернеулі сымның бейтарап сым екеніне және жерге қосылудың дұрыстығына көз жеткізіңіз).
4. ҮҚК айналасындағы қоршаған орта температурасы 0–40 °С шегінде болуы керек.
5. Батареяны қолданар алдында 12 сағат бойы зарядтаған жөн. Құрылғыға талаптарға сай қуат көзі қосылып тұрғанда ҮҚК батареяны автоматты түрде зарядтайды.
6. Жұмыс циклі арттырылған модельдер үшін алдымен батареяны қосып, содан кейін электр қуатын қосыңыз.



Сыртқы батареяларды орнату

Батареядан ҮҚК жұмысын ұзарту қажет болса, оған сыртқы батареяларды қосуға болады.

- Әртүрлі ҮҚК модельдері үшін рұқсат етілген батарея кернеуі төмендегі кестеде көрсетілген. Кернеуі жоғары немесе төмен сыртқы батареяларды қосу құрылғының ақаулығына әкелуі мүмкін.


Моделі	Батарея саны (дн.)	Батарея кернеуі (В)
1 кВА·сағ	2	24
3 кВА·сағ	6	72

- Кабельдің клеммалары бар ұштары батареяға жалғауға арналған. Екіншісі арнайы ағытпасы бар, ҮҚК-ге арналған. Төменде берілген нұсқауларды қатаң сақтау керек, әйтпесе ток соғу қаупі туындайды.
- Батареяларды төмендегі схемада көрсетілгендей қосыңыз және құрылғыңыз батареяның жалпы кернеуін қолдайтынына көз жеткізіңіз.
- Жеткізілген жинақтағы ұшында клеммалары бар кабельді батареяларға, қызыл сымды оң пластинаға және қара сымды теріс пластинаға жалғаңыз.

Назар аударыңыз! Алдымен кабельді батареяларға қосу керек, олай істемесе, электр тогының соғу қаупі жоғары болады.


- Бірге орнатылған UPS батареяларының толық зарядталғанына көз жеткізіңіз.
- Жеткізілген жинақтағы ұшында арнайы ағытпасы бар кабельді дұрыс полюсімен (қызыл «+» үшін, қара «-» үшін) ҰҚК-ге жалғаңыз, ҰҚК сыртқы батареяларды автоматты түрде зарядтай бастайды.

Назар аударыңыз! Батареялар тек тұтынушылар қосылмаған өшірілген ҰҚК-ге қосылады.




Назар аударыңыз! Сыртқы батареяларды өзіңіз қосу қиын болса, маманға хабарласыңыз.

Басқару тақтасының түймелері



Түймелер	Қолданылу мақсаты	Тәсілі
	Таңдауды растау	Баптаулар мәзірін шығару үшін түймені 2 секунд басып тұрыңыз. Баптаулар мәзірінен шығу үшін түймені 2 секунд басып тұрыңыз. Басып қалсаңыз, баптаулар мәзірі ауысады. Мәзір беттерін жүргізіп қарағанда барлық өзгеріс сақталады. Деректерді сақтап, баптаулардан шығу үшін "Иә" түймесін басыңыз. "Жоқ" түймесін таңдағанда, өзгерістер сақталмайды. Баптаулар режимінен тыс тұрғанда экрандағы кескінді айналдыру үшін түймені қатарынан екі рет басыңыз.
	Солға көрсеткісі	Баптаулар режимінен тыс тұрғанда алдыңғы баптауларға өту үшін түймені басыңыз. Баптаулар мәзірінде тұрғанда түймені жылжу үшін пайдаланыңыз.
	Оңға көрсеткісі	Баптаулар режимінен тыс тұрғанда, келесі баптауларға өту үшін түймені басыңыз. Баптаулар мәзірінде тұрғанда, түймені жылжу үшін пайдаланыңыз.
	Қосу	ҮҚК-ні қосу үшін екі түймені де 2 секунд басып тұрыңыз.
	Өшіру	ҮҚК-ні өшіру үшін екі түймені де 2 секунд басып тұрыңыз.
	Дыбысты өшіру	ҮҚК-нің дыбыстық хабарландыруын өшіру үшін батареядан жұмыс істеу режимінде басыңыз.
	Сынау	Желіден жұмыс істеп тұрғанда батареяның разрядталуын 15 секунд ішінде сынау үшін басыңыз.

СК дисплейдегі белгілер



Дисплей	Функциясы
	Жүктеу белгісі: жүктеменің пайыздық үлесі (0-25%, 26-50%, 51-75% және 76-100%) жүктеменің жарықтандырылған бөліктерінің санымен белгіленеді. ҰҚК артық жүктелгенде, жүктеу белгісі жыпылықтай бастайды.
	Дыбысты өшіру белгісі, дыбыстық сигналдың өшірілгенін білдіреді. Батареядан жұмыс істеу режимінде дыбысты өшіру түймесін басыңыз, бұл ретте дыбысты өшіру белгісі жоғалады.
	Желдеткіш белгісі: желдеткіш жұмысының күйін көрсетеді. Желдеткіш қосылмаған болса немесе ақаулы болса, бұл белгі жыпылықтайды.
	Ақаулық белгісі: ҰҚК-нің ақаулығын білдіреді.
	Батарея күйінің белгісі: аккумулятор сыйымдылығын көрсетеді: 0-25%, 26-50%, 51-75% және 76-100%. Батареяның заряды біткенде немесе өшкенде батарея күйінің белгісі жыпылықтай бастайды.
	Қалыпты жұмыс кезінде ҰҚК-нің шығыс кернеуі туралы ақпаратты көрсетеді; жұмысы бұзылғанда ақаулық коды көрсетіледі.
	Баптау режимінде пайдаланушылар түрлі шығыс кернеулерін реттеу, ECO режимін қосу, CUCF режимін қосу, сәйкестендіру нөмірін таңдау және т.б. әрекеттерді орындай алады.
	Іске қосылғаннан кейін 20 минут бойы ҰҚК қуатын көрсетеді. 20 секундтан кейін ҰҚК жұмыс режимін көрсетеді, мысалы, STDBY (күту режимі), BYPASS (байпас режимі), LINE (AC режимі), BAT (батарея режимі), BATT (батареяның автономды жұмысының режимі), ECO (үнемді режим), SHUTDN (жұмысты аяқтау), CUCF (тұрақты кернеу мен жиілік).
	Жарықдиодты индикатор функциялары Инвертор индикаторы мен ақаулық индикаторы — сәйкесінше сол жақта және оң жақта. Инвертор индикаторы (жасыл жарықдиодты индикатор) үздіксіз жанады: бұл ҰҚК желіден қуат алу режимінде, ECO режимінде немесе батареядан жұмыс істеу режимінде тұрғанын білдіреді. Ақау индикаторы (қызыл жарықдиодты индикатор) үздіксіз жанады: бұл ҰҚК ақаулы екенін білдіреді. Ескертпе: әртүрлі режимдердегі жарықдиодты индикаторларды «Жарық диодтары/дисплей және Апаттық сигналдар тізімі» бөлімінен қараңыз.

Қосу және өшіру

Құрылғыны іске қосу

Қуат көзінен іске қосу

Қуат көзіне қосылғаннан кейін ҰҚК іске қосылады, автоматты түрде сынауды бастайды және 15 секундтан кейін жұмыс режиміне ауысады. ҰҚК индикаторы (жасыл) жанған бетте, ал байпас индикаторы сөнген кезде, қосылған құрылғылар іске қосыла алады.

Батареядан іске қосу

Қуат батареядан берілген кезде (желіге қосылмағанда), алдыңғы тақтадағы іске қосуға арналған түймелер тіркесімін 3 секунд бойы басыңыз. ҰҚК инверторды іске қосады, шығыс қуаты қалыпты күйде жұмыс істейтін болады, ҰҚК жұмысының индикаторы (жасыл) мен инвертор индикаторы жанады, ал қате индикаторы жыпылықтайды.

Құрылғыны өшіру

Қуат көзінен ажырату

Алдыңғы тақтадағы өшіруге арналған түймелер тіркесімін 3 секунд бойы басыңыз. ҰҚК күту режиміне ауысады. Байпас сары индикаторы жанады. Содан кейін ҰҚК-ні өшіру үшін желіден қуат көзін ажыратыңыз.

Батареядан өшіру


ҰҚК-ні өшіру үшін алдыңғы тақтадағы өшіруге арналған түймелер тіркесімін 3 секунд бойы басыңыз.

Ескертпе:


1. ҰҚК-ні қоспас бұрын оған алдымен компьютерді және басқа құрылғыларды жалғаңыз, ал өшіргенде алдымен компьютерді, содан кейін ҰҚК-ні өшіріңіз.
2. Желіден қуат алу үзілсе, ҰҚК батарея қуатымен жұмыс істейді. Осы уақытта ақпаратты сақтап, компьютер мен басқа құрылғылардың жұмысын апаттық аяқтау бойынша басқа әрекеттерді жасаңыз.
3. Егер ҰҚК 7 күннен артық пайдаланылмаса, «Қуат көзінен ажырату» бөліміндегі нұсқауларға сәйкес ҰҚК-ні өшіріңіз.
4. Егер ҰҚК 3 айдан артық пайдаланылмаған болса, оны іске қосқанда «Қуат көзінен іске қосу» бөлімін қараңыз, батареяны толық зарядтау және оның қызмет ету мерзімін ұзарту үшін ҰҚК-ні 12 сағаттан артық зарядтаңыз.

Баптаулар тақтасы


Шығыс кернеуін баптау

Дисплей	Баптаулар
 <p>The display shows a battery level indicator at the top, followed by 'OPU 220 V' and 'STdbY'.</p>	<p>Модельге байланысты келесі шығыс кернеуін орнатуға болады:</p> <ul style="list-style-type: none">208: шығыс кернеуі 208 В.220: шығыс кернеуі 220 В.230: шығыс кернеуі 230 В.240: шығыс кернеуі 240 В.


Батарея кернеуін баптау

Дисплей	Баптаулар
 <p>The display shows a battery level indicator at the top, followed by '10 V' and 'STdbY'.</p>	<p>Сіз келесі шығыс кернеуін таңдай аласыз:</p> <ul style="list-style-type: none">9.8: аккумулятор кернеуі 9,8 В құрайды.9.9: аккумулятор кернеуі 9,9 В құрайды.10: батарея кернеуі 10 В құрайды.10.2: батарея кернеуі 10,2 В құрайды.10.5: аккумулятор кернеуі 10,5 В құрайды. <p>dEF (әдепкі): EOD кернеуі жүктемеге, оның ішінде разрядтан қорғанысқа байланысты автоматты түрде өзгереді.</p>

Bypass режимін баптау







Дисплей	Баптаулар
 <p>The display shows a battery level indicator at the top, followed by 'bPS ON' and 'STdbY'.</p>	<p>Айналып өту функциясын қосу немесе өшіру.</p> <p>Сіз келесі екі нұсқаны таңдай аласыз:</p> <ul style="list-style-type: none">ON: bypass режимін қосу.OFF (әдепкі): bypass режимін өшіру.

Автоматты қосылуды баптау

Дисплей	Баптаулар
 <p>The display shows a battery level indicator at the top, followed by 'Auo ON' and 'STdbY'.</p>	<p>AUO баптауын тек күту немесе bypass режимінде орнатуға болады. Сіз келесі нұсқаларды таңдай аласыз:</p> <ul style="list-style-type: none">ON: УҚК желіге қосқанда сызықты режимде автоматты түрде іске қосылады.OFF (әдепкі): УҚК желіге қосқанда автоматты түрде іске қосылмайды, ол күту немесе bypass режимінде жұмыс істейтін болады.



Күйді сұрау тақтасы

ҮҚК-нің қандай да бір сипаттамаларының күйін сұрау үшін ◀ немесе ▶ түймесін басып ұстап тұрыңыз. Күй мәзірін ауыстыру үшін ◀ немесе ▶ түймесін тағы басыңыз.

Дисплей	Сипаттамасы
	<p>Шығыс: ҮҚК-нің шығыс кернеуі мен жиілігін көрсетеді.</p>
	<p>Жүктеу: жүктеменің белсенді қуаты (Ватт) мен толық қуатының (Вольт-Ампер) сандық мәнін көрсетеді.</p>
	<p>Нұсқа және температура: ҮҚК бағдарламалық құралының нұсқасы мен ҮҚК компоненттерінің ең жоғары температурасын көрсетеді.</p>
	<p>Кіріс: кіріс кернеуі мен жиілікті көрсетеді.</p>
	<p>Батарея: батарея кернеуі мен сыйымдылығын (сыйымдылық шамамен батареяның кернеуіне сәйкес есептеледі) көрсетеді.</p>
	<p>Ескерту: қате кодын көрсетеді.</p>

Жұмыс режимдері

Жұмыс режимдері және дисплей	Сипаттамасы
 <p>Вирасс режимі</p>	<p>Вирасс режиміне өту келесі үш жағдайда орындалады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Желі қуаты қосылған және баптауларда вирасс режимі қосылған. • ҰҚК сызықтық режимде өшірілген және баптауларда вирасс режимі қосылған. • Сызықты режимде шамадан тыс жүктеме. <p>Ескертпе. ҰҚК вирасс режимінде жұмыс істеп тұрғанда, ол батареядан жұмыс істей алмайды.</p>
 <p>Сызықтық режим</p>	<p>Кіріс желісі жұмыс жағдайларына сәйкес болғанда, ҰҚК сызықтық режимде жұмыс істейді, дисплейде «Line» сөзі көрсетіледі.</p>
 <p>Күту режимі</p>	<p>ҰҚК өшірулі, бірақ әлі де батареяны зарядтай алады.</p>
 <p>Батареядан жұмыс істеу режимі</p>	<p>Батареядан жұмыс істеу режимінде әр 4 секунд сайын дыбыстық сигнал беріледі. Желі қуаты жеткіліксіз немесе тұрақсыз болғанда, ҰҚК бірден батареядан жұмыс істеу режиміне көшеді, ал дисплейде «bat» сөзі көрсетіледі.</p>
 <p>Үнемді режим</p>	<p>Кіріс желісі ECO режимінің кіріс ауқымына сәйкес және ECO функциясы қосұлы болғанда ҰҚК ECO режимінде жұмыс істейді. Егер кіріс желісі бір минут ішінде ECO ауқымынан асса, бірақ инвертордың кіріс ауқымында қалса, ҰҚК тұрақтандыру режимінде автоматты түрде жұмыс істейтін болады. Дисплейде «ECO» сөзі көрсетіледі.</p>

 <p>220 VAC 50.0 Hz OUTPUT CUCF</p> <p>Тұрақты кернеу мен жиілік режимі</p>	<p>Жиілікті түрлендіру режимі негізінен тұрақты кернеу мен жиілікті қамтамасыз етеді. Осы режимді іске қосқаннан кейін оның шығыс қуатына қосылған құрылғылардың қажеттілігі әсер етпейді. CUCF баптауы режимін ашқаннан кейін дисплейде «CUCF» сөзі көрсетіледі. CUCF режимінде шығыс жиілігі 50 Гц шамасына орнатылғанда, батарея қуаты бастапқы мәннен 80%-ға дейін азаяды; шығыс жиілігі 60 Гц шамасына орнатылғанда, батарея қуаты бастапқы мәннен 70%-ға дейін азаяды. Шығу жиілігі белгіленген мәндермен бекітіледі, ол сыртқы жағдайлар өзгерген кезде өзгермейді. Бұл режимде ҰҚК bypass режиміне ауыса алмайды.</p>
 <p>⚠️ 50 FAULT</p> <p>Жұмысының бұзылуы</p>	<p>ҰҚК жұмысы бұзылса, дыбыстық сигнал беріліп, ол жұмысының бұзылуы режиміне көшеді. ҰҚК шығысты өшіріп, дисплейде ақаулық кодтары көрсетіледі. Сіз дыбысты өшіру түймесін баса аласыз. Сондай-ақ ҰҚК-ні өшіру үшін «ӨШІРУ» түймесін басуға болады.</p>

Техникалық сипаттамалары

Моделі		MIX ONLINE 1000VA	IEC Plus ONLINE 3000VA
Қуаты		1000 ВА/900 Вт	3000 ВА/2700 Вт
Кіріс	Кернеу	176~280 В	
	Жиілік	50 Гц ± 10% (автоматты тану)	
Шығыс	Батареядан жұмыс істеген кездегі кернеуі	220 В ± 5%	
	Желіден жұмыс істеген кездегі кернеуі	220 В ± 5%	
Жиілік		50/60 Гц ± 0,3 Гц (автоматты тану және реттелетін)	
Шығыс сигналының формасы		Таза синусоида	
Үйлесімді бұрмалану		≤5% (сызықтық жүктеме)	
Қуаты таусылғанда	Тұрақты ток кернеуі	24 В	72 В
	Түрі мен саны	2x12 В, 9 А·сағ	6x12 В, 9 А·сағ
	Заряд тогы	1 А (әдепкі), 0-5 А (реттелетін)	
	Стандартты зарядтау уақыты	90% сыйымдылыққа дейін 6~8 сағат	
	Азайту кернеуі («разрядталған»)	10.2 В (әдіпкі), 9.6-11.5 В (реттелетін)	
	Сыртқы батареяны қосуға арналған шығыс	Иә	
Қорғау:		Шамадан тыс жүктемеден, қысқа тұйықталудан, батареяның ыртқы зарядынан/батареяның толық зарядынан	
Сигнал беру	Батареядан қуат алу режимінде	60 секундтан кейінгі өшумен, әр 5 секунд сайын сигнал	
	Батареяның қуаты таусылғанда	0,16 секунд аралықпен 0,16 секунд сигнал (жылдам дыбыс беру)	
	Шамадан тыс жүктеме	0,5 секунд аралықпен 0,5 секунд сигнал (жылдам дыбыс беру)	
Қоршаған орта	Жұмыс ылғалдылығы	10~90% RH @ 0~40 °C (конденсатсыз)	
	Шу деңгейі	≤50 ДБ (1 метр)	
ДК-мен байланыс		USB+RJ45	
ДК арқылы басқару		Windows 98/2000/2003/XP/Vista/2008/7/8 қолдайды	
SNMP (опциялық)		Қуат беруді SNMP-менеджер және веб-браузер арқылы басқару	
Батареяны салқын ауыстыру		Иә	
Жалпы сипаттамалары	Құрылғының өлшемі (Ұ/Е/Б), мм	336*144*214	418*191*335
	Таза салмағы	10,9	25,6




Батарейаны пайдалану

Бұл құрылғыда герметикалық қорғасын қышқылды батареялар қолданылады. Батарейаның қызмет ету мерзімі сақтау шарттарына, жұмыс ортасына және батареяның қуаты таусылу жиілігіне байланысты. Температураның жоғарылуы батареяның қызмет ету мерзімін едәуір қысқартады. Батарея пайдаланылмаса да, оның өнімділігі біртіндеп төмендейді. Үздіксіз қуат беру көзін тексеру үшін үш айда бір рет батареяның разрядталуын сынап тұрған дұрыс. Төменде батареяны тексеру тәсілдері келтірілген (батареяның өнімділігі оның қызмет ету мерзімі аяқталуына қарай біртіндеп төмендейді, сондықтан келесі тексеру және пайдалану әдістерін есте сақтаған жөн).

1. Қуат көзіне қосылыңыз, ҰҚК-ні қосыңыз, батареяны 12 сағат бойы зарядтаңыз. ҰҚК-ге қосылған жүктемелердің жұмыс жағдайына назар аударыңыз.
2. ҰҚК-де жүктеме болған кезде, жалпы қуатты жазып алыңыз. ҰҚК-ні розеткадан ажыратыңыз (қуат көзінен ажырату имитациясы). ҰҚК автоматты түрде өшкенге дейін, батареяны разрядтау режиміне ауысады. Батарея қуатының таусылу уақытын жазып алыңыз. Қуаттың бастапқы таусылу уақыты одан әрі пайдалану үшін қажет.
 - Жалпы жүктеме қуаты (энергия тұтыну) Ваттпен есептеледі (Вт).
 - Жапсырмада мән Вольт-Ампермен (ВА) көрсетілсе, бұл мәнді қуат коэффициентіне көбейтіңіз (егер көрсетілмеген болса, 0,8) және Ваттқа (Вт) айналдырыңыз.
 - Егер тек ток (А) мәні көрсетілсе, оны номиналды кернеуге (В) және қуат коэффициентіне көбейтіңіз, содан кейін Ваттқа (Вт) айналдырыңыз.
3. Қалыпты жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі – 1-2 жыл. Батарея айтарлықтай жоғары температура жағдайында пайдаланылғанда және оның заряды жиі таусылса, батареяның қызмет ету мерзімі 0,5 жылдан 1 жылға дейінгі уақытты құрауы мүмкін.
4. Батареяның пайдаланылуына қарай, оның өнімділігі біртіндеп төмендейді (зарядының бітуі кезінде көрінеді). Зарядтың біту уақыты бастапқы мәннен 80%-ға дейін төмендегенде, өнімділіктің нашарлауы жылдамдайды, сондықтан батареяны айына бір рет тексеріп отыру керек.
5. Жұмыс циклі арттырылған модель батареяларын пайдалану (электр энергиясы ажыратылған жағдайда құрылғы зақымдалмауы үшін батареяларды тиісті түрде пайдалану маңызды):
 - Батареядағы шаңды сүртіңіз.
 - Батареяда коррозия белгісі бар-жоғын тексеріңіз. Қажет болса, ауыстырыңыз.
 - Батарея мен клеммалардың тығыз бекітілгеніне көз жеткізіңіз

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

ҮҚК жұмысында ақау болса, мәселені түзету үшін төмендегі кестені басшылыққа алаңыз. Проблеманы жоя алмасаңыз, ҮҚК-ні пайдалануды дереу тоқтатып, сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Проблема	Шешімі
ҮҚК қуат көзі желісіне қосыла алмай тұр.	Қуат кабелінің әлсіреген-әлсіремегенін тексеріңіз. Асқын токтан қорғау сақтандырғышының жанып кетпегенін тексеріңіз.
Қуат көзі желісінің қалыпты жұмысында ҮҚК іске қосылмайды. Қате индикаторы,  индикаторы жанып тұр, СК дисплейдің функциялық аймағы өшірілі.	Батарея кабелінің қосулы тұрғанын тексеріңіз. Батареяның жарамдылығын тексеріңіз.
Желіден жұмыс істеу режимінде үздіксіз сигнал беріледі,  индикаторы жанады, құрылғы байпас режимінде, біраз уақыттан кейін инвертор режимінде жұмыс істейді. Сигнал үздіксіз беріледі,  индикаторы жанып тұрады, құрылғы біраз уақыттан кейін автоматты түрде өшіріледі.	Жүктеме дисплейінде, шамадан тыс жүктеме орын алмағанын тексеріңіз. Жүктемені азайтыңыз.
ҮҚК «ҚОСУ» түймесін басқанда іске қосылмайды.	«ҚОСУ» түймесі тым аз уақыт басылды. ҮҚК-ні іске қосу үшін түймені үздіксіз 3 секунд бойы басыңыз. Батареяның қосылған-қосылмағанын тексеріңіз. ҮҚК ішіндегі ақаулар. Жеткізушіге хабарласыңыз.
Батарея разрядының біту уақыты азайып барады.	Батарея толық зарядталмаған. Батареяны зарядтау үшін ҮҚК-ні желіге қосылған күйінде кемінде 12 сағатқа қалдырыңыз. ҮҚК аса жүктелген. Тұтынылатын жүктеме қуатын тексеріңіз, қажет болса, оны азайтыңыз. Батареяның қызмет ету мерзімі бітті және сыйымдылығы азайды. Батареяны ауыстырыңыз. Жеткізушіге хабарасып, батарея мен ауыстыру қажет компоненттерді алыңыз.

Қызмет көрсету

- ҮҚК желдету тесіктерінің жабылмағанына көз жеткізіңіз.
- ҮҚК-ні шаң баспағанына көз жеткізіңіз.
- ҮҚК-нің ылғал еместігіне көз жеткізіңіз.
- ҮҚК-ні 5 минутқа батареядан жұмыс істеу режиміне ауыстырыңыз. Осы уақыт ішінде батарея заряды төмендігінің датчигі іске қосылмаса, құрылғы қалыпты жағдайда, ал датчик іске қосылса, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Батареяға қызмет көрсету

ҮҚК-де жабық қызмет көрсетілмейтін қорғасын батареясы қолданылады. Заряды бітуінің жоғары жиілігі, жоғары температура және т.б. батареяның қызмет ету мерзіміне әсер етеді. Қызмет ету мерзімі батареяны қолданбағаннан да қысқарады.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғыны кез келген тегіс, тұрақты, құрғақ беттерге орнатуға болады және қосымша монтаж/бекіту қажет емес.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын ғимаратында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °... +40 °С температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Ғимараттың ішінде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесісіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Ист Груп Ко., Лтд.

Солтүстік өнеркәсіптік шоссе 6, Суншань Лэйк Сай энд Тэк өнеркәсіптік паркі, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нур-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр-магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық Экономикалық Одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, сипаттамалары және жиынтықтамасы, сапаны жақсарту мақсатында алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Тауардың жасалған күні (аа.жжжж): _____



V.1

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаудың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері мен тегін сервистік қызмет, оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса, тауар жинағына кіретін келесі керек-жарақтарға қолданылмайды:

- Қашықтан басқару пультінің (ҚБП) қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар мен олардың жалғағыш тетіктері, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштар, жинақта берілетін бағдарламалық құрал (БҚ) мен драйверлер (оның ішінде бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтауышта алдын ала орнатылған БҚ және т.б.), сыртқы кіріс және шығыс құрылғылары мен манипуляторлар.
- Тасымалдауға арналған қаптар, сөмкелер, белдіктер, баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйыммен бірге берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдар мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерді өз мойнына алмайды:

- Кепілдік мерзімнің аяқталуы.
- Жеке қажеттіліктер (тұрмыстық, отбасылық) үшін пайдалануға арналған бұйымның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ тікелей қолданылу мақсатынан басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы.
- Өндіруші пайдалану кезінде бұйым иесінің пайдаланушы нұсқаулығындағы талаптарды бұзуы, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша нұсқауларды, бұйымды қосу (сондай-ақ сәйкес келмейтін желі кернеуінің бұйымның өзіне және оған қосылған бұйымға әсер етуі нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталу), сақтау және тасымалдау ережелерін орындамауы салдарынан болған ықтимал материалдық, моральдық және басқа да залал үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымның барлық жағдайы: бұйымды пайдалану кезінде алынған жарықтар, шатынаулар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, ойылулар және т.б.
- Сыртқы өзгерістер, рұқсаты жоқ адамдардың рұқсатсыз жөндеу жұмыстарын жүргізгені байқалады. Ақау бұйымның конструкциясын немесе схемасын өзгерту, Өндіруші мақұлдамаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыларды пайдалану салдарынан туындаған жағдайларда.
- Бұйым ақауының алапат күш әсерінен (табиғи апат, өрт, су басу, жер сілкіну, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес басқа да жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындауы. Ақаудың бұйым ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың кіріп кетуінен, бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген жемір заттар, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындауы.
- Бұйымның сәйкестендіру нөмірінің (сериялық нөмірінің) болмауы немесе сәйкес келмеуі. Зақымның (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құрал әсерінен туындауы: БҚ жеткізушісінің осы қызмет түрін ұсынбауына байланысты қайта қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қол жеткізуден айыруға әкеліп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою.
- Қуат, кабель, телекоммуникация желілерінің, радиосигнал қуатының, стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес болмауы, соның ішінде рельеф ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлар, бұйымды желі істейтін аймақ шекарасында немесе одан тыс пайдалану салдарынан жұмыс ақауларының болуы.
- Зақымның стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болуы.
- Кемшіліктердің сәйкес келмейтін контентті (әуен, графика, видео және басқа да файлдар, Java қолданбасы және осыған ұқсас бағдарламалар) алу, орнату және қолдану себебінен орын алуы.
- Осы бұйымның жанында жұмыс істейтін басқа құрылғыларға келтірілген зияндарға кепілдік міндеттемесі қолданылмайды.



www.dexp.club